




БЕКІТІЛДІ

Басқарма шешімімен

04.04 2023 ж.

№ 6 хаттама


«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ диссертациялық кеңес туралы Ереже

Қолдану мерзімі « <u>04</u> » <u>04</u> 20 <u>23</u> ж. бастап « __ » _____ 20__ ж. дейін	Ұзарту мерзімі « __ » _____ 20__ ж. дейін	Мәртебесі: Әрекеттегі <input type="checkbox"/> Ескірген <input type="checkbox"/> 
Алдыңғы ескірген құжат: № __ ректордың бұйрығы « __ » _____ 20__ ж.	Құжатты басқаратын тұлғаның колы	Код № <u>241494-2023</u> Экземпляр № Көшірме №



КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Атауы	Қызметі	Т.А.Ә.	Қолы
ӘЗІРЛЕУ	Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшылары	Ералиева Л.Т. Құмар А.Б. Кожанова К.К.	
КЕЛІСУ	Проректор	Давлетов К.К.	
	Ғылым департаментінің басшысы	Смаилова Д.С.	
	Аппарат басшысы	Искалиев А.М.	
	Қаржы директоры	Искаков С.С.	
	Заң департаментінің басшысы	Лахов С.В.	
	Сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы	Масанова А.А.	

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Диссертациялық кеңес	Ереже	Редакция: 3 42 беттің 3 беті

Мазмұны

1.	Жалпы ереже	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	4
4	Құрылуы және таратылуы	5
5	Мақсаттары	6
6	Міндеттері	6
7	Функциялары	7
8	Диссертацияны алдын ала сараптау	9
9	Диссертацияны қарастыруға қабылдау	11
10	Диссертацияны қорғаудағы диссертациялық кеңестің жұмыс тәртібі	16
11	Аттестациялық істерді сақтау тәртібі	19
12	Жауапкершілігі	20
13	Қорытынды	21
	Қосымша 1	22
	Қосымша 2	23
	Қосымша 3	25
	Қосымша 4	26
	Қосымша 5	27
	Қосымша 6	28
	Қосымша 7	29
	Қосымша 8	31
	Қосымша 9	32
	Қосымша 10	37
	Қосымша 11	38
	Қосымша 12	39
	Қосымша 13	40
14	Өзгерістерді тіркеу парағы	41
15	Танысу парағы	42



1 Жалпы ереже

1.1 Бұл құжат диссертациялық кеңестің мақсаттарын, міндеттерін, функцияларын, құқығы мен өкілеттілігін белгілейтін және қызметін ұйымдастыруды реттейтін, «С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, әрі қарай мәтін бойынша «Университет» лауазымдық тұлғаларымен және басқа да құрылымдық бөлімдерімен өзара байланыстылығын көрсететін негізгі нормативтік құжат болып табылады.

1.2 Кеңес тікелей университет Басқарма төрағасы - ректорға бағынады. Кеңес өз қызметінде төмендегі құжаттарды басшылыққа алады:

- 1) Университет жарғысын;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілерді, халықаралық нормаларды, кеңес қызметіне қатысты;
- 3) Университеттің ішкі нормативтік құжаттарды және сапа менеджменті жүйесі бекіткен құжаттарды (ережелерді, нұсқаулықтарды, қағидаларды, стандарттар және басқаларды);
- 4) Университеттің Ғылыми кеңес, Басқарма және Директорлар кеңесінің шешімдерін;
- 5) жоғарғы тұрған басшының және Университеттің жоғары басшылығының бұйрықтары мен өкімдері;
- 6) осы ережені.

1.3 Осы Ереже кеңестің негізгі құжаты болып табылады және бекітілген күннен бастап өз күшіне енеді.

1.4 Осы Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Басқарма шешімімен бекітеді.

2 Нормативтік сілтемелер

2.1 Осы Ереже келесі нормативтік құжаттар негізінде құрастырылды:

- 1) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV Заңы;
- 2) Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бұйрығымен бекітілген диссертациялық кеңес туралы үлгі ереже (09.01.2023ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен);
- 3) «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы.

3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Осы Ережеде келесі терминдер, анықтамалар және қысқартулар қолданылды:

Диссертациялық кеңес – докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – жоо) жанындағы алқалы органдар;

Диссертациялық кеңес мүшелері - ғылыми-педагогикалық қызметпен айналысатын ғалымдар; өз міндеттерін қоғамдық негізде орындайды. Төраға,



төрағаның орынбасары, диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы, диссертациялық кеңестің мүшелері – «лауазым» ретінде қарастырылмайды.

Ғылыми хатшы – диссертациялық кеңес мүшелерінің қатарынан тағайындалады.

Рецензент - диссертациялық кеңеспен диссертацияға жазбаша пікір беруге уәкілетті, ғылымның ұсынылған саласындағы құзыретті ғалымдар қатарынан тағайындалады.

Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор – ғылыми-педагогикалық бағыт немесе кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тысқары жерде диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәрежелер.

Аннотация – диссертацияның қысқаша мазмұны. Жұмыстың аннотациясында диссертацияның өзектілігі, мақсаттары мен міндеттері, зерттеу объектісі мен пәні, ғылыми жаңалығы, қорғауға шығарылатын ғылыми ережелер мен олардың шынайылығы, алынған нәтижелердің практикалық маңыздылығы, тараулардың қысқаша мазмұны сияқты диссертациялық жұмыстың барлық негізгі сипаттамалары көрсетіледі.

Ғылыми комитет - университеттің ғылыми-зерттеу жұмысын жоспарлау, университеттің құрылымдық бөлімшелерінде жүргізілетін зерттеулерді ұйымдастыру, үйлестіру және жүргізу, сондай-ақ зерттеу нәтижелері мен инновациялық технологияларды тиімді енгізу бойынша қазіргі кездегі кеңесші орган.

4. Құрылуы және таратылуы


4.1 Диссертациялық кеңес PhD докторантура мамандықтарының тізбесіне сәйкес күнтізбелік 3 (үш) жыл мерзімге құрылады, ректорға есеп береді, ҚазҰМУ мөрлері мен бланкілерін пайдаланады.

4.2 Диссертациялық кеңес диссертацияларды қорғау жөнінде қабылданатын шешімдердің сапасына, объективтілігіне және негізділігіне жауап береді.

4.3 Диссертациялық кеңес – кеңес мүшелерінен, төрағадан, төраға орынбасарынан және ғылыми хатшыдан тұрады.

4.4 Диссертациялық кеңестің құрамына 8 (сегіз) адам кіреді, оның 4 (бесеуі) тұрақты, 4 (бесеуі) уақытша, ғылыми дәрежесі бар (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), философия докторы) немесе философия докторы (PhD) академиялық дәрежесі, профиль бойынша доктор немесе профиль бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі. Олардың кем дегенде екі мүшесі басқа университеттердің, ғылыми және (немесе) басқа ұйымдардың өкілдері болып табылады.

4.5 Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері диссертация қорғау күніне дейін бір айдан аспайтын мерзімде диссертациялық кеңес төрағасының ұсынуы негізінде жетекшілік жөніндегі проректормен келісе отырып, ректордың бұйрығымен бекітіледі, сонымен қатар **кемінде екі мүше** диссертация профиліне сәйкес келуі керек.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Диссертациялық кеңес	Ереже
		Редакция: 3 42 бетін 6 беті

4.6 Диссертациялық кеңестің құрамына **кемінде бір** шетелдік ғалымдар кіруі тиіс.

4.7 Диссертациялық кеңестердегі кеңес мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі) кем дегенде:

1) **Хирш индексі 3 және одан да жоғары;**

2) **не (немесе) кемінде 3 (үш) жарияланым** Clarivate Analytics журналы келтірген Journal Citation Reports сәйкес алғашқы үш квартильге енген немесе Scopus мәліметтер базасында проценттік CiteScore **кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда жарияланым.**

4.8 Жарияланымдардағы зерттеу саласы диссертациялық кеңестегі мамандықтарға сәйкес болуы шарт.

4.9 Диссертациялық кеңестің құрамына төменде аталған тұлғалар кірмейді:

1) Диссертациялық кеңес құрылған университеттің Басқарма төрағасы - ректор;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қызметкерлері;

3) соңғы 5 (бес) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша ғылыми консультанттар, жетекшілер болған мамандар кірмейді.

4.10 Диссертациялық кеңес мүшелері туралы мәліметтер **1-қосымшаға** сәйкес ұсынылады.

4.11 Диссертациялық кеңес құру туралы ақпарат ректордың бұйрығы шыққан күннен бастап **5 (бес)** жұмыс күні ішінде ЖОО-ның интернет-ресурсында орналастырылады.

4.12 Университет заманауи компьютерлік бағдарламаларды пайдалана отырып, қорғауға ұсынылған диссертацияларды плагиатқа тексереді.

4.13 Диссертациялық кеңестің қызметіне байланысты барлық шығындар, оның ішінде диссертациялық кеңес мүшелерінің іссапар шығындары (іс-сапардағы күнтізбелік күндер үшін тәуліктік ақы, оның ішінде жол жүру уақыты, бару және қайту жол ақысы, жалдау ақысы), әрбір диссертациялық кеңес бойынша техникалық хатшы үшін штаттың, диссертациялық кеңес құжаттамаларын сақтау үшін бөлме бөлінуі бойынша шығындар ҚазҰМУ есебінен жүргізіледі.

5. Мақсаты


Докторанттардың орындаған жұмыстарына сараптама жасау арқылы ғылыми әлеуетті дамыту және диссертациялық зерттеу нәтижелерін объективті бағалау.

6. Міндеттері

6.1 философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы ережеде белгіленген критерийлерге ұсынылған диссертациялар дәрежелерінің сәйкестігін анықтайды;

6.2 философия докторы (PhD) дәрежесін береді;

6.3 басқа диссертациялық кеңестерде қорғалған диссертациялар бойынша қосымша қорытындылар береді;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Диссертациялық кеңес	Ереже	Релакция: 3 42 бетің 7 беті

6.4 Диссертацияны қорғауға және қорғауға ұсыну тәртібін бұзу тәртібі бойынша дәрежелер беру туралы өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қорытындылар береді (бұдан әрі - апелляция);

6.5 философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы ережеде белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

7 Функциялары

7.1 Диссертациялық кеңес қызметі:

1) диссертация қорғауға құжаттарды қабылдау;
2) қорғау мерзімін және диссертация бойынша ресми рецензентерді тағайындау;

3) диссертациялық кеңестің құрамынан докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған беттен бөтен материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін комиссия (бұдан әрі - Диссертациялық кеңестің комиссиясы) құрады;

4) диссертацияның ашық түрде қорғауын өткізу;

5) диссертация бойынша шешім қабылдау.

7.2 Күнтізбелік жыл аяқталған соң диссертациялық кеңес **2-қосымшаға** сәйкес Комитетке диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп береді.

7.3 Диссертациялық кеңес жоо интернет-ресурсында:

1) докторанттардың қорғауы және кеңестің қызметі туралы ақпаратты орналастырады **3-қосымшаға** сәйкес диссертациялық кеңестердің философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру (бас тарту) жөніндегі шешімдері туралы тоқсандық есебін (тоқсандық есеп тоқсан аяқталғаннан кейін **5 (бес)** жұмыс күн ішінде орналастырылады және диссертациялық кеңестің қызметі мерзімінде қолжетімді болуы қамтамасыз етіледі;

2) диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп (күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін **15 (он бес)** жұмыс күні ішінде орналастырылады);

3) осы Үлгі ережеде белгіленген талаптарды диссертациялық кеңес **3 (үш)** реттен көп бұзатын жағдайда диссертациялық кеңестің төрағасы, төрағаның орынбасары және ғалым хатшысы ауыстырылады.

7.4 Диссертациялық кеңес мүшелерінің қызметі:

Төрағасы:

1) диссертациялық кеңестің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
2) диссертациялық кеңестің отырыстарын өткізеді;
3) диссертация қорғаудың белгіленген талаптарының сәйкестігін қамтамасыз етеді;

4) диссертациялық кеңестің қызметі мен жұмысын ұйымдастыруға жауапты.

Төраға (-айым) орынбасары:

1) диссертациялық кеңестің төрағасы қорғалатын диссертация бойынша ғылыми кеңесші болып табылатын жағдайларда, сондай-ақ диссертациялық кеңестің төрағасы болмаған жағдайда, кеңес отырысын өткізу жөніндегі диссертациялық кеңес төрағасының функцияларын жүзеге асырады;

Ғылыми хатшы қамтамасыз етеді:



1) докторант ұсынған құжаттардың белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру;

2) докторанттың диссертациясын қорғағаннан кейін аттестаттау ісін қалыптастыру;

3) диссертациялық кеңес отырыстарындағы кворум;

4) диссертациялық кеңестің отырыстарын өткізу үшін қажетті құжаттаманы дайындау;

5) философия докторы (PhD) дәрежесін беру (беруден бас тарту) туралы диссертациялық кеңес қабылдаған шешімдер туралы тоқсан сайынғы есепті және диссертациялық кеңестің күнтізбелік жылдағы жұмысы туралы есепті дайындау;

6) қорғау тәртібін бақылау;

7) диссертациялық кеңестің іс жүргізуі.

Диссертациялық кеңес мүшелері:

1) қарастырылатын сұрақтар бойынша объективті, толық және дәйекті материалдарды ұсынады;

2) диссертацияға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;

3) ғылыми этиканың бұзылу фактілеріне ден қояды;

4) шешім қабылдағанда қоғамдық пікірдің, бір тараптың немесе үшінші тараптың әсеріне тәуелді болмайды;

5) мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

6) қызмет бабында кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттердің ары мен абыройына нұқсан келтіретін дәрекі, қорлайтын сөздерді, айыптауларды пайдаланбайды.

Осы талаптардың орындалмау фактілері анықталған жағдайда диссертациялық кеңестің шешімі негізінде ректордың бұйрығына сәйкес оның құрамынан шығарылады.

7.5 Диссертациялық кеңестің отырысы оның жұмысына мүшелерінің кем дегенде **2/3-і (үштен екісі)**, қорғалатын диссертацияның бағыты бойынша кемінде **3 (үш)** маман міндетті түрде қатысқан жағдайда заңды болып саналады. Диссертациялық кеңес отырысына диссертациялық кеңестің мүшелері және ресми рецензенттері on-line бейнеконференция түрінде қатыса алады.

7.6 Диссертациялық кеңес отырысына диссертациялық кеңес мүшелері offline және on-line түрінде қатыса алады.

7.7 Диссертациялық кеңес отырысын бейнеконференция нысанында өткізуге рұқсат беріледі. Бұл ретте:

1) отырысқа қатысатындардың визуалды идентификациясы;

2) отырысқа қатысушылардың баяндамаларының үзіліссіз бейне- және аудиотрансляциясы қамтамасыз етіледі.

3) отырыстың аудио және видеожазбасы;

4) Диссертациялық кеңес мүшелерінің қатысуы диссертациялық кеңес отырысының қатысу тізімімен, ал on-line форматта скриншотпен расталады.

5) Диссертациялық кеңестердің жұмыс материалдары ҚазҰМУ техникалық хатшысында үш жыл бойы сақталады.



8 Диссертацияны алдын ала сараптау

8.1 Докторант докторантураның білім беру бағдарламаларын меңгеріп, диссертациясын кафедраға ұсынғаннан кейін, кафедраның кеңейтілген отырысында диссертация тақырыбына сәйкес барлық мүдделі мамандарды тарта отырып алдын-ала қаралады.

8.2 Ғылыми комитетте диссертация алдын-ала қаралуы үшін докторант төменде аталған құжаттарды ұсынады:

1) ҚазҰМУ ғылыми кітапханасынан диссертацияның ӘӨЖ алу;

2) Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығында (бұдан әрі – МҒТСҰО) диссертацияның техникалық рәсімделуін (нормобақылау) тексеру.

8.3 Кафедрада диссертацияны талқылау үшін докторант келесі құжаттарды ұсынады:

1) түптелмеген түрдегі диссертация;

2) отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің пікірлері;

3) ғылыми еңбектер тізімі және олардың көшірмелері;

4) диссертациялық жұмыстың тақырыбын және ғылыми кеңесшілерді бекіту туралы Ғылыми кеңес хаттамасының көшірмесі;

5) диссертация бойынша бастапқы құжаттар;

6) докторант оқыған ЖОО-ның жанындағы Этикалық комиссияның зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми-зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы.

8.4 Академиялық адалдық принципі диссертация авторының басқа авторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауын және:

1) мәтінді, ойларды, гипотезаларды, қорытындыларды, әдістерді, зерттеу нәтижелерін, кестелерді, кодтарды, суреттерді және басқа авторларға және мәтінді пайдалану дереккөзіне сілтеме жасамай жұмыстарды пайдалану және (немесе) иелену, сондай-ақ басқа тілден аударылған мәтінді пайдаланумен қоса мағынаны өзгертусіз сөздерді және пікірлерді синонимдік ауыстырумен басқа авторлардың мәтінін пайдалану (плагиат);

2) өзінің материалын, нақты және сандық деректерді өзіне және (немесе) өзінің дереккөзіне сілтеме жасамай пайдалану (автоплагиаттың);

3) жоқ дереккөздерге сілтеме жасау, дәйексіз деректерді және (немесе) нәтижелерді, жазуларды немесе олар туралы хабарламаларды ұсыну (фабрикация);

4) нәтижесінде диссертациядағы зерттеу материалдары бұрмаланатын зерттеу материалдарын, жабдықтарды, суреттер мен иллюстрацияларды немесе процестерді манипуляциялау (фальсификация) фактілерінің болмауын білдіреді.

5) келтірілген материалдардың көздері немесе толық ізі көрсетілген жеке нәтижелер;

6) докторант өз бетінше немесе бірлескен авторлықта алған әзірлемелерге арналған қорғау құжаттары;

7) диссертация тақырыбы бойынша докторант өз бетінше немесе бірлескен авторлықпен орындаған ғылыми жұмыстар. Нормативтік құқықтық актілер мен



ресми құжаттар атауларының, мемлекеттік және өзге ресми органдар мен ұйымдар атауларының, тиісті ғылым саласында жалпы қабылданған терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың, нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің, зерттелетін шығармалар мәтіндерінің сәйкес келуі егер оларды пайдаланудың көлемі және сипаты орындалған диссертацияның дербестігіне күмән тудырмаған кезде плагиат болып саналмайды. Плагиатты табу мүмкіндігін азайту немесе жою мақсатында техникалық құралдар мен әдістерді қолдануға да жол берілмейді.

8) ЖОО-да диссертацияны плагиатқа (докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланбағанын) тексеру туралы анықтама. 8.5 Кафедраның кеңейтілген отырысынан **1 (бір)** ай бұрын диссертация докторанттың ғылыми зерттеу саласы бойынша ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі) бар **2 (екі)** маманға жолданады.

8.6 Кеңейтілген отырысқа кафедра мүшелерінің кемінде **2/3 (үштен екісі)**, ғылыми кеңесшілер, сондай-ақ мәндес кафедралардың (зертханалардың, бөлімдердің, орталықтардың), ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдері қатысады (ғылыми дәрежесі бар ғалымдар шешім қабылдайды).

Отырысқа кеңесшілер қатыспаған жағдайда докторанттың диссертациясы бойынша пікірін кафедра меңгерушісі оқиды.

8.7 Ғылыми комитет отырысындағы талқылау рәсімінің тәртібі:

- 1) кафедра отырысы төрағасының баяндамасы (докторанттың мінездемесі)
- 2) докторант диссертацияның негізгі ережелерін баяндайды – **20 мин.** дейін;
- 3) Ғылыми комитет отырысына қатысушылардың сұрақтары – докторанттың жауаптары;

4) ғылыми кеңесшілердің сөзі немесе олар қатыспаған жағдайда пікірлерді оқиды;

5) рецензенттердің пікірі;

6) рецензенттердің ескертулеріне докторанттардың жауабы және олардың ұсыныстары мен кеңестеріне тұжырымдар;

7) диссертация бойынша пікір-сайыс;

8) ашық дауыс беру арқылы қорытынды қабылдау.

8.8 Диссертацияны қорғауға ұсыну туралы қорытынды Ғылыми комитеттің отырысының хаттама көшірмесі түрінде рәсімделеді, оған төраға мен хатшының қолы қойылып, кеңсе мөрмен расталады.

Хаттама келесі мазмұнда болуы тиіс: докторанттың баяндалған диссертациясының негізгі тармақтары, сұрақтары, ғылыми кеңесшілердің пікірлері, рецензенттердің пікірлері, талқылау мен қорытындылар, ұсыныстар мен ескертулер, қорғауға ұсыну туралы шешім

8.9 Ғылыми комитеттің кеңейтілген отырысының оң шешімін алған докторант университет ректорының атына қандай диссертациялық кеңесте қорғайтындығы көрсетілген өтініш жазады. Егер докторант басқа ЖОО диссертациялық кеңесін



көрсеткен жағдайда, докторант білім алған ЖОО оның құжаттарын **10 (он)** жұмыс күні аралығында диссертациялық кеңеске жөнелтеді (**4-қосымша**).

8.10 Университет ректоры диссертациялық жұмысты докторанттың өтініші негізінде диссертациялық кеңеске қарастыруға жібереді.

9. Диссертацияны қарастыруға қабылдау

9.1 диссертация келесі формалардың бірінде ұсынылады:

1) диссертациялық жұмыс;

2) Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша бірінші және/немесе екінші квартильге кіретін басылымдарда жарияланған кемінде екі мақала және бір шолу сериясы. Мақаланың біреуінде докторант бірінші автор немесе корреспонденция үшін бірінші автор болады.

3) Осы тармақтың талаптары орындалған жағдайда 1 тармақтың талаптары докторант үшін қолданылмайды.

9.2 Қорғауға жіберу үшін жарияланымдар бойынша талаптар:

1) JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар және Web of Science Core Collection (Веб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Арт энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс бөлімдері), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн индекс) деректер базасында индекстелетін) немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 (жиырма бес) болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 (бір) мақала (article) немесе шолуы (review) және Басылымдар тізбесіндегі журналдарда 3 (үш) мақала;

2) не Web of Science Core Collection (Веб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Арт энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс бөлімдері), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн индекс) деректер базасында индекстелетін және JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар алғашқы екі квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында Citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 (бір) мақала (article);

3) не Web of Science Core Collection (Веб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Арт энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс бөлімдері), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн индекс) деректер базасында индекстелетін және JCR (ЖСР) деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында Citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын



халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 2 (екі) мақала (article) немесе 1 (бір) мақала (article) және 1 (бір) шолу (review);

4) не Elsevier (Эльзевир), Brill (Брилл), CRC Press (СРС Пресс), DeGruyter (ДеГрюйтер), Edward Elgar Publishing (Эдвар Элгар Пабблишинг), John Wiley & Sons (Джон Уайли және Сонс), McGraw Hill (Макроу Хилл), Palgrave Macmillan (Палгрейв Макмиллан), Peter Lang (Питер Лэнг), Prentice Hall (Прентис Холл), Routledge (Рутледж), Sage Publications (Сэйдж Публикейшен), Springer Nature (Шпрингер Нэйчар), Taylor and Francis (Тейлор және Фрэнсис), Wolters Kluwer (Вольтерс Клувер) баспаларында (бұдан әрі – сенімді баспалар) немесе US News Best Global Universities Rankings (ЮС Ньюс Бест Глобал Юниверситис Ранкинс) немесе Academic Ranking of World Universities (Академик Ранкин оф Ворлд Юниверситис) немесе Times Higher Education World University (Таймс Хайр Эдюкейшн Ворлд Юниверсити) топ-100 рейтингіндегі университет баспасында шығарылған монографияда тараудың болуы (докторантқа кемінде 3 баспа табак тиесілі).

9.3 Диссертациялық кеңеске мынадай құжаттар ұсынылады:

1) өтініш (**5-қосымша**);

2) ғылыми кеңесшілердің жұмыс орны бойынша куәландырылған пікірлері. Шетелдік кеңесшінің пікірінің аудармасы нотариалды куәландырылады (**6-қосымша**);

3) кафедраның немесе зертхананың (бөлімнің, орталықтың) кеңейтілген отырыстының оң шешімі;

4) диссертация **3 (үш)** данада және электронды тасымалдағыштағы (CD-диск) қатты қаптамада, диссертацияда өзінің ғылыми еңбектеріне сілтемелер болуы қажет;

5) докторант оқыған жоғары оқу орнының ғылыми хатшысы куәландырған ғылыми еңбектер тізімі және олардың көшірмелері (**7-қосымша**);

6) қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жазылған (әр тілде кемінде **5 (бес)** беттен), қағаз және электронды түрдегі диссертацияның аңдатпасы жалпы көлемі **1 (бір)** баспа табактан кем емес (**8-қосымша**).

7) диссертациялық жұмыстың тақырыбын бекіту және ғылыми кеңесшілерді бекіту туралы мамандық бойынша Ғылыми комитет хаттамасының (бұйрық) көшірмесі;


8) транскрипт;

9) Web of Science (Clarivate Analytics) компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар немесе Scopus деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланымдардың болуы туралы ҚазҰМУ ғылыми кітапханасының немесе МФТҚҰО анықтамасы;

10) Диссертация қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінің бірінде ұсынылады.

9.4 Құжаттарды диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы қабылдайды және оларды **2 (екі)** жұмыс күні ішінде тіркеп, диссертациялық кеңеске ұсынады.

9.5 ЭАОО-да докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқу курсы толық меңгерген, бірақ докторлық диссертациясын қорғамаған докторантқа диссертациясын келесі жылдары қорғауға мүмкіндік беріледі. Ғылыми компонент

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Диссертациялық кеңес	Ереже
		Редакция: 3 42 беттің 13 беті

кредиттерін қайта меңгеру және диссертацияны қорғау тәртібін ЭАОО өз бетінше анықтайды.

9.6 Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқу курсы толтырылған, ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындаған, бірақ докторлық диссертация (жоба) қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері және академиялық кредиттер беріледі және диссертациясын бітіргеннен кейін екі жыл ішінде тегін қорғауға, ал келесі жылдары кемінде 4 академиялық кредит көлемінде ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

9.7 Бұл ретте докторант бітіргеннен кейін 3 жыл өткен соң ақылы негізде диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі (research proposal (ресорч пропозал)) қайта бекітілгеннен кейін ғана қорғалады.

9.8 Диссертация уақытылы қорғалған жағдайда студенттерден мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен және ҚазҰМУ КеАҚ ақылы негізде студенттерден төлем алынбайды. ҚазҰМУ-інде докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық білім беру курсы толтырылған, бірақ докторлық диссертацияны қорғап үлгермеген докторант үшін кейінгі жылдарда **4 академиялық кредиттер** көлемінде ақылы негізде диссертацияны қорғау мүмкіндігі ұсынылады.

Басқа жоғары оқу орындарынан келген ҚазҰМУ диссертациялық кеңестерінде қорғағысы келген докторанттар үшін қорғау ақылы түрде жүргізіледі.

Қорғауға ақы төлеу білім беру бағдарламасының құнын (бұдан әрі – ББ) ББ кредиттерінің жалпы санына бөлу және диссертацияны қорғауға берілген кредиттер санына көбейту арқылы анықталады.

$$Қа = (ББҚа / ББКС * ҚҚр) /$$

Қа – қорғау ақысы;

ББКС - білім беру бағдарламасының кредит саны;

ББҚа- білім беру бағдарламасының қорғау ақысы;

Диссертациялық кеңес мүшелеріне қорғауға төленетін қосымша ақы мөлшері келесідей белгіленеді:


40% – диссертациялық кеңес төрағасына (жұмыстың күрделілігін, жұмыс нәтижесіне жауапкершілігін және т.б. ескере отырып);

30% – диссертациялық кеңес төрағасының орынбасарына (кейбір жағдайларда ДК төрағасының орынбасары төрағаның міндетін атқаратынын ескере отырып);

30% - диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысына (орындалатын функциялар мен міндеттердің көп болуына байланысты).

9.9 ҚазҰМУ диссертациялық кеңестерінде диссертация қорғағысы келетін басқа ЖОО докторанттары үшін қорғау ақылы негізде жүргізіледі.

9.10 Құжаттар қабылданған күннен бастап **10 (он)** жұмыс күнінен кешіктірмей диссертациялық кеңес қорғау күнін анықтайды және ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар, докторанттың зерттеу саласында кемінде **5 (бес)** ғылыми мақалалары бар және дәйексөз алудың Web of Science (Вэб оф Сайнс) немесе Scopus (Скопус) халықаралық жүйелерінде докторанттың зерттеу саласы бойынша **1 (бір)** мақаласы бар **екі** ресми рецензентін тағайындайды.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Диссертациялық кеңес	Ереже
	Редакция: 3 42 беттің 14 беті	

9.11 Қорғау күні диссертациялық кеңеске диссертация қабылдаған күннен бастап **3 (үш)** айдан кешіктірілмей болуы тиіс. Қорғау күнін белгілеу кезінде докторанттар құжаттарының түсу кезектілігі сақталады.

9.12 Құрамында бір рецензент Университетпен үлестес болмауы шартын ескере отырып, ресми рецензенттер диссертацияны қорғау күніне дейін кемінде бір ай аралығында диссертациялық кеңестің төрағасының (-айымының) ұсынысы негізінде ректордың бұйрығымен бекітіледі. Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес рецензенттердің, ғылыми кеңесшілердің бір-бірінен тәуелсіз ұстанымдарын басшылыққа алады. Рецензент ретінде әр түрлі ұйымдардың өкілдері тағайындалады. Диссертациялық кеңес құрамынан рецензенттердің бірін тағайындауға жол берілмейді.

Ресми рецензенттер болып тағайындалмайды:

1) ҚР БҒМ Ғылым комитетінің қызметкерлері;
2) докторанттың диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстарының тең авторлары;

3) диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тең орындаушы) болып табылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген жоо және ғылыми ұйымдар бөлімшелерінің басшылары және қызметкерлері ресми рецензент бола алмайды.

9.13 Диссертация қорғауға қабылданғаннан кейін **10 (он)** жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңес диссертацияны докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланбағандығын тексеру үшін «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ-ға жібереді (анықтаманы алуға байланысты шығындарды докторант өзі көтереді).

9.14 Ресми рецензенттер диссертацияны және жарияланған жұмыстарды зерттеу негізінде диссертациялық кеңеске жазбаша пікірін ұсынады. Онда ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, таңдалған тақырыптың өзектілігі, ғылыми жаңашылдық, өзі жазу, дәйектілік, ішкі бірлік, практикалық құндылық, академиялық адалдық принциптеріне сәйкестігі бағаланады, сондай-ақ тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды беріледі (**9-қосымша**).

9.15 Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кем дегенде **15 (он бес)** жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі. Ресми рецензенттердің түпнұсқа пікірлері белгіленген мерзімнен жұмыс күні бұрын беріледі.

9.16 Пікір осы тармақтың талаптарына сәйкес келмесе, диссертациялық кеңес пікірді кемінде **15 (он бес)** жұмыс күнінен кешіктірілмей ресми рецензентке қосымша қарау үшін қайтарады немесе ресми рецензентті ауыстырады.

9.17 Ресми рецензенттер, сондай-ақ жазбаша түрде бас тартқан немесе рецензиялауға мүмкіндік болмаған жағдайда ауыстырылады.

9.18 Егер ресми рецензентті ауыстыру туралы шешім **15 (он бес)** жұмыс күнінен кешіктіріліп қабылданса, қорғау күні ауыстырылады.



9.19 Диссертацияда плагиат анықталған жағдайда, диссертациялық кеңес (ЖОО-нан алынған анықтама, Мемлекеттік ғылыми технологиялар сараптама ұлттық орталығынан алынған анықтама, ресми рецензенттердің пікірлері және Интернет-ресурстардағы пікірлер) қайта қорғау құқығынсыз теріс шешім қабылдайды.

9.20 Диссертациялық кеңес Комиссияның қорытындысы негізінде диссертациялық кеңес мүшелерінің қатарынан 3 (үш) адамнан аспайтын құрамда диссертациялық жұмысты ҚР БжҒМ ҒжЖБ министрлігінің талаптарына сәйкес тексеру үшін тағайындайды. Қабылданған шешім туралы диссертациялық кеңес докторантқа **2 (екі)** жұмыс күні ішінде хабарлайды.

9.21 Докторант диссертациясын қорғауға дейін **7 (жеті)** күннен кешіктірмей қорғаудан алып тастауға мүмкіндігі бар.

9.22 Диссертациялық кеңес университеттің интернет-ресурсында докторанттардың қорғауы және кеңестің қызметі туралы келесі материалдарды орналастырады:

1) мекен-жайы, күні мен уақыты көрсетілген алдағы қорғау туралы хабарлама (белгіленген қорғау күнінен **1 (бір)** ай бұрын);

2) диссертация (белгіленген қорғау күнінен **1 (бір)** ай бұрын, қорғаудан кейін кемінде 5 (бес) ай ішінде қолжетімді);

3) көлемі кемінде **1 (бір)** баспа табақ мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде аңдатпа (белгіленген қорғау күнінен **1 (бір)** ай бұрын);

4) докторант жарияланымдарының тізімі (белгіленген қорғау күнінен **1 (бір)** ай бұрын);

5) ғылыми кеңесшілердің пікірлері (белгіленген қорғау күнінен **1 (бір)** ай бұрын және қорғаудан кейін кемінде **5 (ай)** бойы қолжетімді);

6) ресми рецензенттердің пікірлері (белгіленген қорғау күнінен **15 (он бес)** жұмыс күні бұрын);

7) қорғаулар өткізу күнінің, уақытының, орнының өзгеруі және ресми рецензенттердің ауысуы туралы хабарландыру (болған жағдайда);

8) Диссертациялық кеңестің диссертацияны плагиатқа тексеру нәтижелері бойынша шешімі, бар болған жағдайда (шешім қабылдаған күннен бастап **2 (екі)** күн ішінде).

9) Диссертациялық кеңестің құрамы туралы ақпарат;


10) Осы ереженің 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша университеттің этикалық комиссиясының қорытындысы.

11) Диссертациялық кеңес отырысын бейнеконференц байланыс нысанында онлайн режимінде өткізу туралы ақпарат

12) 10 жұмыс күні ішінде философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы мәліметтер

13) Диссертация университеттің интернет-ресурсында орналастырылған жағдайда, авторлық құқықтарды қорғау қамтамасыз етіледі, диссертация материалдарын заңсыз көшіруден және одан әрі пайдаланудан қорғау технологиялары қолданылады. жоо-ның интернет-ресурсында орналастырылғаннан кейін диссертация мәтініне өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

9.23 ЖОО-ның интернет-ресурсында диссертация мазмұны бойынша бейресми пікірлерді орналастыру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі, кейін олар қорғауда

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Диссертациялық кеңес	Ереже	Редакция: 3 42 беттің 16 беті

ұсынылады. Авторын анықтау мүмкін емес және автордың электрондық поштасы көрсетілмеген бейресми пікірлер қорғауда ұсынылмайды.

10 Диссертацияны қорғау кезіндегі диссертациялық кеңестің жұмыс тәртібі

10.1 Университет диссертацияны қорғаудың бейнежазбасын қамтамасыз етеді. Диссертациялық кеңес отырысының хаттамасы ресімделеді.

10.2 Диссертациялық кеңестің төрағасы, төраға орынбасары және ғылыми хатшысы докторанттың ғылыми кеңесшілері болып табылған жағдайда олар диссертацияны қарастыру кезінде диссертациялық кеңестің отырысында өз міндеттерін орындай алмайды. Диссертациялық кеңес төрағасының міндеттерін орындау диссертациялық кеңестің шешімімен төраға орынбасарына, төраға орынбасары мен ғалым хатшының міндеттерін орындау мүшелеріне жүктеледі. Төраға, төраға орынбасары мен ғалым хатшы бір мезгілде болмаған жағдайда диссертациялық кеңестің отырысы өткізілмейді.

10.3 Ресми рецензенттердің біреуі жоқ болған жағдайда (дәлелді себептер бойынша) оның пікірін ғылыми хатшы оқиды. Ресми рецензенттерге диссертациялық кеңестің қорғау отырысында on-line режимінде бейне-конференция түрінде сөз сөйлеуге рұқсат беріледі.

10.4 Диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының рәсімі келесілерді қамтиды:

1) төрағаның кворум, отырысты өткізуге құқықтың бар екендігі туралы алғы сөзі;

2) ғылыми жарияланымдардың толықтығы мен сәйкестігін көрсете отырып, докторант құжаттарының нормативтік талаптарға сәйкестігін жариялау үшін ғылыми хатшының сөзі;

3) докторанттың сөзі (баяндама **20** минутқа дейін);

4) докторантқа қойылатын сұрақтар, докторанттың жауаптары;

5) ғылыми кеңесшілердің сөзі;

6) ресми рецензенттердің сөзі;

7) ресми рецензенттердің ескертулеріне докторанттың жауаптары және олардың ұсыныстары бойынша қорытындылар;

8) диссертациялық кеңес мүшелерінің пікірталасы;

9) докторанттың қорытынды сөзі;

10) төрағаны қоспағанда, диссертациялық Кеңес құрамынан 3 (үш) адамнан санақ комиссиясының мүшелерін сайлау;

11) тиісті төрт балдық жүйе бойынша сандық эквивалент бойынша докторант дәрежесін беру және бағалау туралы мәселе бойынша жасырын дауыс беруді өткізу;

12) есеп комиссиясы төрағасының жасырын дауыс беру нәтижелері туралы сөз сөйлеуі, есеп комиссиясының хаттамасын бекіту;

13) көпшілік алдында қорғау нәтижелерін жариялау;

14) қорғау негізінде диссертация бойынша жіктеу белгілері мен диссертациялық кеңестің қорытындысын қабылдау.

10.5 Диссертациялық кеңес келесі шешімдердің біреуін қабылдау үшін жасырын дауыс беруді жүргізеді.



- 1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;
- 2) диссертация пысықтауға жіберілсін (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) диссертация қайта қорғауға жіберілсін;
- 4) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту.

5) Диссертациялық жұмыс, егер онда мәтін бойынша елеусіз ескертулер болса, оны түзету жұмыстың мәнін өзгертпесе, пысықтауға жіберіледі. Егер диссертация осы Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмесе және (немесе) осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келсе, онда ол қайта қорғауға жіберіледі. Академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік, дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда, диссертация бойынша философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

10.6 Докторанттың ғылым кеңесшілері, тікелей басшысы немесе жақын туысканы болып келетін диссертациялық кеңес мүшелері дауыс беруге қатыспайды.

10.7 Жасырын дауыс беруде ресми рецензенттер қатысады, олардың дауыстары диссертациялық кеңес мүшелерінің дауыстарына тең.

10.8 Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешімі, егер оған дауыс беруге қатысқандардың 3/4 (төрттен үші) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады.

1) Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту, диссертацияны пысықтауға не қайта қорғауға жолдау туралы шешімі, егер дауыс беруге қатысқандардың 3/4 (төрттен үші) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Егер дауыстар көрсетілген санға жетпесе, қайта дауыс беру өткізіледі, онда диссертацияны пысықтауға не, егер оған отырысқа қатысып отырған кеңес мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

2) Диссертацияны қайта қарауға жіберу туралы шешім қабылдаған кезде кеңестің Қорытындысында диссертациялық жұмысқа нақты ескертулер жазылады;

3) Диссертациялық кеңес қорытынды қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ғылыми хатшы диссертацияны қайта қарауға немесе қайта қорғауға жіберу немесе (PhD) доктор дәрежесін беру/доктор дәрежесін беруден бас тарту немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы тиісті бұйрық шығарады.

4) Қайта қорғауға жіберу немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертацияның осы Үлгі ереженің, Қағидаларының қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі көрсетілген қорытынды жасайды. Қорытындыны докторантка 10 (он) жұмыс күні ішінде жібереді.



5) Диссертацияны пысықтауға жіберу туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертациялық жұмыс бойынша нақты ескертулер қамтылған қорытынды шығарады.

6) Пысықталған диссертациялық жұмыс диссертациялық кеңеске үш айлық мерзімде ұсынылады, оны 3 (үш) айдан артық мерзімге ұзартуға болмайды. Пысықтау мерзімін ұзарту туралы шешімді диссертациялық кеңес докторанттың өтініші негізінде қабылдайды. Егер пысықталған диссертациялық жұмыс белгіленген уақытта ұсынылмаса, докторант қайта қорғаудан өтеді.

Докторант диссертациялық кеңестің ескертулерімен толық не жартылай келіспейтін жағдайда ол берілген ескертулерге дәйектелген жауаптарын ұсынады.

10.9 Пысықталған диссертация ҰМҒТСО-ға плагиатқа тексеруге жіберіледі. ҰМҒТСО анықтамасын алғаннан кейін диссертациялық кеңес ресми рецензенттермен бірге пысықталған диссертациялық жұмысты және диссертациялық кеңестің ескертулерін жою мәніне ескертулерге жауаптарды (болған жағдайда) талқылау жөнінде отырыс өткізеді. Отырыс осы Ереженің 5.8 тармағында белгіленген тәртіппен өткізіледі. Бұл ретте интернетте онлайн трансляциясыз отырыстың бейнежазбасы жүргізіледі. Талқылаудан кейін жай көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы дәреже беру немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.


10.10 Диссертациялық кеңестің университеттің Интернет-ресурсында докторанттың қорғау нәтижелері бойынша келесі материалдарды орналастырады. диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының толық көлемдегі бейнежазбасы, монтаждауға жол берілмейді (диссертацияны қорғағаннан кейін **5 (бес)** жұмыс күні ішінде және диссертация қорғалған күннен бастап кемінде **5 (бес)** ай бойы қол жетімді болуын қамтамасыз ете отырып, жол берілмейді.);

1) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы диссертациялық кеңестің қорытындысы (диссертацияны қорғағаннан кейін **5 (бес)** жұмыс күні ішінде және диссертация қорғалған күннен бастап кемінде **5 (бес)** ай бойы қол жетімді болуын қамтамасыз ете отырып).

2) философия докторы, бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы бұйрық.
10.11 Диссертацияның қағаз және электронды тасымалдағыштағы данасы ЖОО-ның кітапханасына беріледі. Қорғағаннан кейін **7 (жеті)** жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы диссертацияның электронды тасымалдағыштағы даналарын Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына береді (мемлекеттік құпияларды қамтитын диссертациялардан басқа).

10.12 Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне докторант апелляция бере алады. Апелляцияны диссертация қорғалған ЖОО шешім шығарған күннен бастап **2 (екі)** ай ішінде ЖОО-ның ректорының атына ерікті нысанда береді.

10.13 Апелляцияға өтініш берген күннен бастап **10 (он)** жұмыс күні ішінде жоғары оқу орны ректорының бұйрығымен тәуелсіз апелляциялық комиссия (бұдан әрі –

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Диссертациялық кеңес	Ереже
		Редакция: 3 42 беттің 19 беті

Комиссия) құрылады. Комиссия құрамына тиісті мамандық бойынша дәрежесі бар **3 (үш)** маман кіреді.

1) Ғылыми кеңесшілер, рецензенттер, диссертациялық кеңес мүшелері Комиссия мүшелері бола алмайды.

2) Комиссия өз қызметінде осы Ережені және Дәрежелер беру қағидаларын басшылыққа алады.

3) Комиссия апелляциялық өтінішті, диссертацияны, диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің материалдарын қарайды және Комиссия құрылған күннен бастап **30 (отыз)** күнтізбелік күн ішінде апелляция нәтижелері бойынша қорытынды дайындайды.

10.14 Комиссия шешімі қабылданған күннен бастап **5 (бес)** жұмыс күні ішінде докторантқа хабарланады және ЖОО-ның интернет-ресурсында шешім қабылданған күннен бастап кемінде **5 (бес)** ай бойы қол жетімділігі қамтамасыз етіледі.

10.15 Диссертациялық кеңес Комиссия отырысының қорытындысы мен хаттамаларының көшірмелерін алғаннан кейін **10 (он)** күн ішінде Комиссия қорытындысын ескере отырып, түпкілікті шешім қабылдау үшін докторант пен комиссия мүшелерін шақыра отырып, диссертациялық кеңестің отырысын өткізеді.


10.16 Теріс шешім қабылданған диссертация диссертация қорғалғаннан кейін бір жылдан кейін қайта қорғалуға ұсынылады. Диссертация қайта қорғауға ұсынылған кезде диссертациялық кеңес диссертациялық кеңестің **3 (үш)** мүшесін тағайындайды. Олар диссертацияда бұрын белгіленген бұзушылықтардың жойылғандығы туралы қорытынды береді. Қорытынды ЖОО-ның Интернет-ресурсында қайта қорғау күніне дейін кемінде **10 (он)** жұмыс күні бұрын орналастырылады және диссертацияны қорғауда назарға алынады.

10.17 Осы Ережеде реттелмеген, оның ішінде философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту, апелляция беру мерзімін қалпына келтіру мәселелері бойынша даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот тәртібімен шешіледі.

11 Аттестациялық істі сақтау тәртібі

11.1 Кеңестің ғылыми хатшысы диссертациялық кеңесте докторлық диссертацияны қорғағаннан кейін **15 (он бес)** күнтізбелік күн ішінде докторанттың аттестациялық ісін жасайды. Докторанттың аттестациялық ісіне мынадай құжаттар кіреді:

- 1) докторант туралы мәліметтер (**11-қосымша**);
- 2) докторанттың оқу орны бойынша кадр қызметі растаған жеке іс парағы;
- 3) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың және оларға қосымшалардың көшірмелері (транскрипт көшірмелері);
- 4) докторантураның кәсіптік оқу бағдарламасын игеру туралы транскрипттің көшірмесі;
- 5) диссертация тақырыбын және ғылыми кеңесшілерді бекіту туралы хаттаманың (бұйрықтың) көшірмесі;
- 6) қатты мұқабада және электронды тасымалдағыштағы (CD-дискіде) диссертация;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Диссертациялық кеңес	Ереже
	Редакция: 3 42 беттің 20 беті	

7) диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдардың тізімі және көшірмелері;

8) аңдатпа (3 тілде);

9) диссертация орындалған кафедраның кеңейтілген отырысының оң қорытындысы және қорғауға ұсынысы бар хаттаманың көшірмесі;

10) докторанттың ректордың атына диссертациялық кеңесті таңдау туралы өтініші;

11) докторанттың диссертациялық кеңес төрағасының атына диссертацияны қорғауға қабылдау туралы өтініші;

12) диссертациялық кеңес комиссиясының қорытындысы;

13) диссертацияны қорғауға қабылдау туралы диссертациялық кеңестің хаттамасы;

14) жоо-да диссертацияны плагиатқа тексеру туралы анықтама;

15) диссертациялық кеңес төрағасының қолы қойылған МФТС ҰО-ға ілеспе хат;

16) МФТС ҰО-нан докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланбағандығын растайтын анықтама.

17) жұмыс орны бойынша расталған ғылыми кеңесшілердің пікірлері;

18) жұмыс орны бойынша расталған 2 (екі) ресми рецензенттердің пікірлері;

19) есеп комиссиясының хаттамасы;

20) диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы (**12-қосымша**);

21) төраға мен ғылыми хатшының қолы қойылған диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының хаттамасы;

22) толық көлемдегі бейнежазба;

23) қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде тегін, атын және әкесінің атын (бар болса) жазу туралы қазақ және орыс тілдеріндегі диссертацияның тіркеу-есепке алу карточкасы (**13-қосымша**);

24) МФТС ҰО-да тіркелген диссертацияның есептік карточкасы;

25) ЖОО ғылыми кітапханасының анықтамасы;

26) Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының анықтамасы;

27) Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының анықтамасы;

28) істе бар құжаттардың тізімдемесі.

11.2 Аттестациялық іс **3 (үш)** жыл бойы диссертациялық кеңесте сақталады, содан кейін университет мұрағатына тапсырылады

12. Жауапкершілігі

12.1 Диссертациялық кеңес диссертациялар сараптамасының сапасы мен объективтілігіне, қабылданатын шешімдердің негізділігіне жауап береді және диссертациялардың ғылыми дәрежелер беру ережелерінде белгіленген критерийлерге сәйкестігін анықтау кезінде жоғары талапшылықты қамтамасыз етуге арналған. Диссертациялық кеңестер өздері жұмыс істейтін ұйымдардың басшыларына есеп береді және осы ұйымдардың мөрлері мен бланкілерін пайдаланады. Ұйымдардың басшылары кеңестер жұмысының қажетті жағдайларын




қамтамасыз етуге жауапты болады. Диссертациялық кеңес отырыстарын өткізуге арналған бөлмелерді, ұйымдастыру техникасын бөлумен, Комитетке жіберілетін ізденушілердің аттестациялық істерін ресімдеумен, кеңестің басқа қалалардан келген мүшелерін іс-сапарға жіберумен байланысты шығындарды төлеу диссертациялық кеңестер құрылған ұйымдарға жүктеледі. Көрсетілген шығындарды ізденушілердің өз есебінен өтуге жол берілмейді.

13. Қорытынды ережелер

13.1 Осы ереже «С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ қызметкерлермен жұмыс жүргізуді ұйымдастырудың бір бөлігі болып табылады.

13.2 Осы ережеде белгіленген тәртіп бойынша жасалған Университет әкімшілігінің ұйымдық жарғылық актілерімен және ішкі нормативтік құжаттарымен Университеттің өндірістік-шаруашылық қызметі процесі кезінде нақтылануы және толықтырылуы, өзгертілуі мүмкін Университеттің жалпы құрылымының ішіндегі бөлімнің құқықтық ережесін және оның қызмет саласын регламенттейтін негізгі нормалар берілген.

13.3 Осы Ереженің орындалуын бақылау функциясы диссертациялық кеңес төрағасына жүктеледі, ол оны университеттің бағынышты қызметкерлері мен мүдделі лауазымды тұлғаларына жеткізуді, Ереженің орындалуын бақылауды және уақытылы өзектендіруді қамтамасыз етеді.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Диссертациялық кеңес	Ереже	Редакция: 3 42 бетін 22 беті

Диссертациялық кеңес туралы ережеге
1-қосымша

**С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті
жанындағы PhD докторы дәрежесін беруге**

диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес мүшелері туралы

МӘЛІМЕТТЕР

№ п/ п	Тегі, аты, әкесінің аты	Scopus мәліметтер базасы бойынша Хирш индексі, азаматтығы	Негізгі жұмыс орны (ұйымның аты), лауазымы	Ғылыми дәрежесі (мамандық шифрын көрсете отырып)	Кеңестегі мамандық шифры	Соңғы 5 жылдағы негізгі ғылыми еңбектері
1	2	3	4	5	6	7

Диссертациялық кеңестің төрағасы _____
(қолы) (тегі және инициалдары)

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы _____
(қолы) (тегі және инициалдары)

« _____ » _____ 20 _____ ЖЫЛ



Диссертациялық кеңес туралы ережеге
2-қосымша

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы

ЕСЕП

(ұйымның атауы)

жанындағы диссертациялық кеңес

(кеңестің шифры)

Есепте мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.
2. Өткізілген отырыс санының жартысынан азына қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).
3. Докторанттар тізімі (оқу орнын көрсету).
4. Есепті жылдағы кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау. Ол келесілерді қамтиды:
 - қаралған жұмыстардың тақырыптарына талдау;
 - диссертация тақырыптарының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымның даму бағыттарымен байланысы;
 - диссертация нәтижелерін тәжірибелік қызметке енгізу деңгейін талдау.
5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (сапасыз пікірлерді мысалға келтіру).
6. Ғылыми кадрларды дайындау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.
7. Мамандықтар кескінінде (кадрларды дайындау бағыттары) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың саны, соның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарын көрсете отырып:
 - қорғауға қабылданған диссертациялар;
 - қараудан алынған диссертациялар;
 - рецензенттердің теріс пікірлері берілген диссертациялар;
 - қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім шығарылған диссертациялар.



Диссертациялық кеңестің
төрағасы

(қолы)

(тегі және инициалдары)

Диссертациялық кеңестің
ғылыми хатшысы

(қолы)

(тегі және инициалдары)

Мөр

« ____ » _____ 20 ____ ЖЫЛ



Диссертациялық кеңес туралы ережеге
4-қосымша

«С.Ж. Асфендияров атындағы
Қазақ ұлттық медицина университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының
Басқарма төрағасы-ректор

докторанттың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

ӨТІНІШ

Менің _____ – «_____» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін

тақырыбында орындаған диссертациялық жұмысымды қарауға қабылдауыңызды
өтінемін.

Ғылыми кеңесшілер:

1. _____.
2. _____.

Қолы

Күні



Диссертациялық кеңес туралы ережеге
5-қосымша

_____ мамандығы бойынша
диссертациялық кеңестің төрағасы

(докторанттың тегі, аты, әкесінің аты)

ӨТІНІШ

Менің _____ – « _____ » мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін

_____ тақырыбында орындаған диссертациямды қорғауға қабылдауыңызды өтінемін.

Ғылыми кеңесшілер:

1. _____.

2. _____.

Қолы

Күні



Диссертациялық кеңес туралы ережеге
6-қосымша

(докторанттың тегі, аты, әкесінің аты)

_____ – «_____» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алуға ұсынған «_____»

тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Пікір келесі тармақтардан тұруы керек:

- орындалған жұмыстың өзектілігін, оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығын негіздеу;
- докторант сүйенетін негізгі ғылыми және әдіснамалық ережелерді ашу;
- докторант алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі;
- диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы;
- докторанттың зерттеулерге қосқан жеке үлесі, зерттеу көлемі;
- докторанттың зерттеуші ретіндегі сапасы, ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі;
- қорытынды.

Ғылыми кеңесші:

_____ (қолы)

_____ (тегі және инициалдары)

қызметі, жұмыс орны,

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы

Қолы расталады, мөр



Диссертациялық кеңес туралы ережеге
7-қосымша

**тегі, аты, әкесінің аты
жарияланған ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектерінің
ТІЗІМІ**

докторанттың тегі, аты, әкесінің аты

№ р/н	Жұмыстың атауы	Жұмыс түрі	Шығу мәліметтері	Жұмыс көлемі, баспа бет	Тең авторлары
1	2	3	4	5	6
1					

Докторант

(аты-жөні, тегі)

Ғылыми хатшы

(аты-жөні, тегі)

Ескерту:

1. Тізімде диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстар келтіріледі.
Басылымға берілген жұмыстар тізімге енбейді.

2. Тізім жарияланымдардың хронологиялық реттілігінде бөлімдер бойынша
тура нөмірленеді.

а) ғылыми жұмыстар;

б) авторлық куәліктер, патенттер, ақпараттық карталар, алгоритмдер;

в) оқу-әдістемелік жұмыстар.

3. 2-бағанда жұмыстың толық атауы келтіріледі;

3. 3-бағанда жұмыстың түрі (монография, кітапша, оқу құралдары және т.б.).



4. 4-бағанда әдебиеттің библиографиялық сипаттама ережелеріне сәйкес жұмыстың жариялану уақыты мен орны келтіріледі (басылым, мерзімді басылым нөмірі, жыл) немесе оны депозиттеу (ұйым, мемлекеттік тіркеу №, депозиттеу жылы, мазмұндау дереккөздері), ғылыми мақалалар жинағының атауы және сипаттамасы (жоғары оқу орны арасында, тақырыптық және т.б.), баяндамалар ұсынылған симпозиумдар және конференциялар (халықаралық және т.б.), жаңалық ашудағы диплом нөмерлері, өнертабысқа авторлық куәліктер және олардың беру күні және т.б.

5. 5-бағанда жарияланымның баспа беті мен баспа беті саны көрсетіледі. Егер жарияланым тең авторлармен орындалса, онда беттердің саны бөлшекпен көрсетіледі. алымында – жұмыстың жалпы көлемі, бөлімінде – зерттеушіге тиісті көлемі.

6. 6-бағанда осы жұмыстың теңавторларының тегі және инициалдары келтіріледі. Көп авторлық ұжым құрамынан алғашқы бес адамның фамилиясы көрсетіледі, содан кейін және т.б., барлығы _____ адам».



Диссертациялық кеңес туралы ережеге
8-қосымша

_____ (докторанттың тегі, аты, әкесінің аты)
_____ – «_____» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алуға ұсынған «_____»
тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысының

АҢДАТПАСЫ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі.
2. Диссертациялық зерттеудің мақсаты.
3. Зерттеудің міндеттері
4. Зерттеу әдістері
5. Зерттеу объектісі
6. Зерттеу пәні.
7. Қорғауға шығарылатын нәтижелер.
8. Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы
9. Зерттеудің ғылыми жаңалығы.
10. Алынған нәтижелердің тәжірибелік маңызы.
11. Докторанттың қосқан жеке үлесі.
12. Қорытындылар
13. Диссертация нәтижелерінің апробациядан өтуі.
14. Жарияланымдары.
15. Диссертацияның құрылымы және көлемі.



Диссертациялық кеңес туралы ережеге
9-қосымша

« _____ » мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін ұсынылған _____

(докторанттың тегі, аты, әкесінің аты)

« _____ » тақырыбы бойынша
диссертациялық жұмысына

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	



4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа;	



		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	



8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	



		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	

Пікір 2 данада беріледі. Қолтаңба мөр басылуы керек.

Пікір диссертация қорғауға дейін 15 күн бұрын 050012, Алматы қ., Төле би көшесі, 94, ҚазҰМУ, диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы.



Диссертациялық кеңес туралы ережеге
10-қосымша

Этикалық комиссияның қорытындысы

ЖОО атауы


1.	Докторанттың ТАӘ	
2.	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	
3.	Докторантурада оқу кезеңі	
4.	Диссертация тақырыбы, бекіту мерзімі	
5.	Ғылыми кеңесшілер туралы деректер – Т.А.Ә. (болған жағдайда), жұмыс орны және лауазымы, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	
6.	Зерттеу объектілері	
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
8.	Ғылыми зерттеу нәтижелерін е тарату процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
9.	Зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғау қалай жүргізілді?	

Этикалық комиссияның төрағасы _____
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Этикалық комиссияның хатшысы _____
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)



Диссертациялық кеңес туралы ережеге
 11-қосымша



Докторант туралы мәлімет

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда))

1	Туған күні және жері, азаматтығы, ұлты		
2	Докторантурада оқығандығы туралы ақпарат (ЖОО, оқу мерзімі)		
3	Докторантура мамандығы		
4	Диссертацияны қорғау орны және күні		
5	Диссертацияның тақырыбы және тілі		
6	Ғылыми кеңесшілер (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)		
7	Ресми рецензенттер (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)		
8	Жарияланымдар саны, барлығы, оның ішінде:		
	Комитет ұсынатын басылымдарда Clarivate Analytics (Web of Science) компаниясының ғылыми журналдарының деректер базасы бойынша нөлдік емес импакт-факторлы немесе Scopus деректер базасына кіретін басылымдарда		
	халықаралық конференция материалдарында, оның ішінде:		
	шетелдік конференция материалында		
9	Еңбек жолы		
	Күні қабылдау	Жұмыс орны, лауазымы босату	Мекеменің мекен-жайы
10	Мекен-жайы, байланыс деректері		

Диссертациялық кеңестің
 ғылыми хатшысы

мөр

_____ (қолы)

_____ (тегі және инициалдары)

« _____ » _____ 20 _____ жыл



Диссертациялық кеңес туралы ережеге
12-қосымша

Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы

Кеңес отырысы «___» _____ 20__ жыл, хаттама № ___

Докторант _____

(докторанттың тегі, аты, әкесінің аты)


_____ – «_____» мамандығы бойынша диссертацияны қорғауы

Диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Дәрежесі	Отырысқа қатысуы (қолы)
1	2	3

Диссертациялық кеңестің
ғылыми хатшысы

(қолы)

(тегі және инициалдары)

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Диссертациялық кеңес	Ереже	Редакция: 3 42 беттің 40 беті

Диссертациялық кеңес туралы ережеге
13-қосымша

ТІРКЕУ-ЕСЕПТІК КАРТОЧКАСЫ

Тегі, аты, әкесінің аты			
Туылған жылы	Азаматтығы	Ұлты	Аттестациялық істің №
« _____ » диссертациялық кеңесі		Шешім қабылданған күні, айы, жылы	Шешімнің № _____
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті Диссертация қорғалған ЖОО-ның атауы			
Философия докторы (PhD) дәрежені ізденуші		« _____ » Мамандық атауы	
Дәреже берілді		Дипломның № _____	
Философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор			

Ескерту:

1. Мәтін 148x105мм форматтағы тығыз ақшыл қағаздан жасалған карточкада басылады.
2. «Аттестациялық істің №» және «Дәреже берілді» деген бағандар диссертациялық кеңесте толтырылады.
3. Карточканың артқы жағында докторанттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) қорғауда ұсынылады қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде көрсетіледі және оның қолымен расталады.

